

ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай балабақшасы
2026-2027 оқу жылына арналған ата –аналар жиналысының
№1 хаттамасы

18 қыркүйек 2026жыл
Кентау қаласы

Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»

Өткізу түрі: Жалпы ата-аналар жиналысы, баяндама, кеңес беру, пікіралмасу.

Мақсаты: Ата-аналарды 2026-2027 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру, отбасымен білім беру ұйымы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігін арттыру, балалардың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыруға бағыт беру.

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, әдіскер, медицина қызметкері, тәрбиешілер, ата-аналар.

Күнтәртібі

1. Ата-аналарды 2026-2027 оқу жылының жоспарымен таныстыру.
2. «Ата-ана түрлері қандай» тақырыбындағы баяндама.
3. Ата-аналарға тест: «Сіздің балаңыз қандай?»
4. Рефлексия: «Су әлемі» – балалық шағымызға ораламыз.
5. «Тәрбие басы- үлгі болу». Ата-аналарға кеңестер беру.
6. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: сөз сөйлеген Б.Мусабаева ата-аналарды 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды. Жоспарда тәрбиелік іс-шаралар, мерекелік бағдарламалар, ата-аналармен жұмыс түрлері және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар қамтылғанын айтты.

2-мәселе бойынша: сөз сөйлеген С.Азимова «Ата-ана түрлері қандай?» тақырыбында баяндама жасап, бала тәрбиесіндегі отбасының маңызы, ата-ананың жеке үлгісі, балаға қолдау көрсетумен дұрыс қарым-қатынас орнатудың қажеттілігі туралы айтты.

3-мәселе бойынша: А.Ақжигитова ата-аналарға «Сіздің балаңыз қандай?» атты тест жүргізді. Тест нәтижелері талданып, әр ата-анаға өз тәрбиелік ұстанымдарын бағалауға мүмкіндік берілді.

4-мәселе бойынша: А.Ақжигитова «Су әлемі» атты музыкалық-рефлексия сәтін жүргізді. Ата-аналарды өздерінің балалық шақ естеліктерін есаяхат жасауға шақырды. Іс-шара ата-аналардың көңіл-күйін көтеріп, бала әлемін түсінуге ықпал етті.

5-мәселе бойынша: Ж.Қалдыбек «Тәрбие басы- үлгі болу» тақырыбында отбасы құндылықтары, сыйластық, бірлікпен жауапкершілік туралы айтып өтті. Ата-аналар өз пікірлерімен бөлісіп, отбасы бақытының негізі-сүйіспеншілікпен өзара түсіністік екенін атап өтті. Ата-аналарға балалармен қарым-қатынас жасаудағы тиімді әдістер, балаға сенім білдіру, мадақтау, қауіпсіз орта қалыптастыру жөнінде кеңестер берді.

Шешімі:


2026-2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.


Балаларды тәрбиелеуде отбасымен білім беру ұйымы арасындағы ынтымақтастық нығайтылсын.

Ата-аналар бала тәрбиесінде жауапкершілікті арттырып, ұсынылған кеңестерді басшылыққа алсын.

Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған іс-шараларға белсенді қатысу ұсынылсын. Отбасылық құндылықтарды насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.



Төрағасы:  Б.Н.Мусабаева

Хатшысы:  Ж.Қалдыбек